

Мухаметкаиров Арсланбек Ерболатович 8D01101 – Педагогика және психология білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға ұсынылған жұмысына

АНДАТПА

Зерттеудің тақырыбы: «Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын (soft skills) дамытудың психологиялық-педагогикалық шарттары».

Зерттеудің мақсаты: жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуға ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтау және ғылыми негіздеу.

Зерттеу мақсатына сәйкес келесі **міндеттер** қойылды:

1. Жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін және икемді дағдылардың мәні мен мазмұнын шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттер негізінде талдау.

2. Қазіргі білім беру контекстінде жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту тәсілдерін зерттеу және олардың қалыптасуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтау.

3. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модельді әзірлеу.

4. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларының бастапқы даму деңгейін диагностикалау және тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру.

5. Эксперимент нәтижелерін талдау және жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуға арналған ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстар әзірлеу.

Зерттеу жұмысының әдістері:

1. *Теориялық әдістер:*

– *жүйелі әдеби талдау* икемді дағдылардың дамуы мен жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық шарттары туралы ақпаратты жан-жақты қарастыру. Бұл әдіс ақпаратты жүйелі түрде зерттеп, тақырып бойынша қолданыстағы теориялық негіздерді анықтауға мүмкіндік береді.

2. *Эмпирикалық әдістер:*

– *педагогикалық эксперимент:* 10-сынып оқушылары қатысқан педагогикалық эксперименттің өткізілуі. Бұл әдіс шынайы жағдайларда оқушылардың икемді дағдыларын дамыту процесін зерттеу үшін қолданылған;

– *модельдеу әдісі* жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту бойынша құрылымдық-мазмұндық модель құруға бағытталған. Бұл әдіс нақты тәжірибеге негізделген және моделдеу арқылы тәжірибе алмасу мен дағдыларды дамытуға ықпал етеді.

3. *Диагностикалық әдістер*: 1. В.В. Синявский мен Б.А. Федоришин әзірлеген «Коммуникативтік және ұйымдастырушылық бейімділікті бағалау (КОС-1)» әдістемесі, 2. Старкидің «Сыни ойлау» әдістемесі, 3. «Өзіндік іс-әрекетті ұйымдастыру» әдістемесі (OSD), 4. Н. Холлдың әдістемесі, 5. «Эйзенхауэр матрицасы» әдістемесі, 6. А.А. Реанның әдістемесі;

4. *Математикалық-статистикалық әдістер*: жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын айырмашылықтардың статистикалық маңыздығын тексеру үшін SPSS (Statistical Package for the Social Sciences) 26.0 нұсқасы және келесі статистикалық әдістер қолданылды:

– Пирсон критерийі (χ^2) (Chi-Square χ^2 Test) – топтар арасындағы тәуелсіздікті тексеру үшін қолданылды, p -мәні $< 0,05$ болған жағдайда;

– Фишер критерийі (Fisher's Exact Test) – статистикалық маңыздығын сенімдірек бағалауға мүмкіндік береді (p -мәні $< 0,05$ болған жағдайда).

– Крамер мәндері (Cramer's V) – айырмашылықтардың практикалық маңыздығын бағалау үшін қолданылды. Бұл көрсеткіш 0-ден 1-ге дейін өзгереді, мұндағы мәндер 1-ге жақындаған сайын айнымалылар арасындағы байланыс күшейетінін білдіреді.

Зерттеудің әдіснамасы жүйелі және кешенді көзқарасты қамтиды, себебі зерттеу барысында теориялық, эмпирикалық, диагностикалық және статистикалық әдістер қолданылып, жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту мәселелері терең зерттелуде.

Зерттеу парадигмасы оқу процесіндегі икемді дағдылардың дамуына ықпал ететін психологиялық және педагогикалық шарттарды анықтау, тәжірибелік деректерді қолдана отырып, нәтижелердің дұрыстығын статистикалық тәсілдермен тексеру негізінде құрылып отыр.

Қорғауға ұсынылатын негізгі ережелер (дәлелденген ғылыми гипотезалар және жаңа білім болып табылатын басқа тұжырымдар):

1. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі болып табылады және ол оқушылардың тұлғалық дамуын, коммуникациялық қабілеттерін, сыни ойлауын, эмоционалды интеллектін, мақсат қою және тайм-менеджмент дағдыларын қалыптастыруға бағытталады.

2. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту тиімділігі оқу-тәрбие процесінде арнайы ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық шарттарды қолдануға байланысты, оның ішінде оқыту процесін ұйымдастыру ерекшеліктері, отбасының қатысуы, цифрлық технологияларды пайдалану және арнайы педагогикалық әдістерді қолдану.

3. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуға арналған құрылымдық-мазмұндық модель өзара байланысты мақсаттық,

мазмұндық, ұйымдастырушылық және нәтижелік компоненттерден тұратын кешенді педагогикалық жүйе болып табылады.

4. Ұсынылған модель негізінде әзірленген «Soft Skills шеберханасы» бағдарламасы және әдістемелік қамтамасыз ету құралдары жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік береді.

5. Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыс нәтижелері ұсынылған модель мен әдістеменің жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытудағы тиімділігін дәлелдейді.

Зерттеудің негізгі нәтижелерінің сипаттамасы:

Бірінші міндетті шешу барысында, шетелдік және отандық ғылыми әдебиеттер негізінде жоғары сынып оқушыларының психологиялық-педагогикалық ерекшеліктерін және икемді дағдылардың мәні мен мазмұнын талдау барысында жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту қазіргі білім беру жүйесінің маңызды міндеттерінің бірі екені және оқушылардың жеке тұлғалық дамуын, коммуникативтік қабілеттерін, сыни ойлауын, эмоционалдық интеллектісін, мақсат қою және уақытты басқару дағдыларын қалыптастыруға бағытталғаны анықталды. Өйткені икемді дағдылар мақсатты оқыту мен тәрбие процесінде қалыптасып дамиды.

Екінші міндетте қазіргі білім беру контекстінде жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту тәсілдерін зерттеу және олардың қалыптасуына ықпал ететін психологиялық-педагогикалық шарттарды анықтау барысында жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытудың тиімділігі оқу-тәрбие процесінде арнайы ұйымдастырылған психологиялық-педагогикалық шарттарды қолдануға байланысты екені белгілі болды, оның ішінде оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері, отбасының қатысуы, цифрлық технологияларды пайдалану және арнайы педагогикалық әдістерді қолдану кіреді.

Икемді дағдыларды қалыптастырудың педагогикалық шарттары мен құралдары қойылған білім беру мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдаланылатын материалдық және материалдық емес сипаттағы элементтер кешенін білдіреді. Базалық тәсілдер ретінде мыналар бөлінді: дербес оқыту; сырттан бағалаушылық пікірлер алу; өзгелердің тәжірибелік тәжірибесін зерделеу және тәлімгерлермен өзара іс-қимыл арқылы меңгеру; мақсатты жаттығулар және іс-әрекет барысында жетілдіру. Ойын тәжірибелері мен шағын топтық ұйымдастырушылық іс-әрекет нысандары маңызды құралдар ретінде айқындалды. Дамудың сапалық көрсеткіші семинарлар мен тренингтер арқылы өзін субъект ретінде қалыптастыруға бағдарлануы болып табылады. Интернеттегі қысқамерзімді курстар түріндегі қосымша оқытудың жаңа нысандары мен технологиялары және көбінесе сыныптан тыс қолданылатын цифрлық құралдар тиімді даму

құралдары ретінде танылды. Икемді дағдыларды дамытудың негізгі психологиялық-педагогикалық шарттары: отбасын өз баласын оқыту мен тәрбиелеуге міндетті түрде тарту; оқытуды ұйымдастырудың ерекшеліктері. Таза психологиялық шарттар ретінде мыналар анықталды: оңтайлы психологиялық жағдай жасаудың маңыздылығы; оқушылардың психикалық дамуы мен құзыреттілік деңгейін мерзімді диагностикалау және мониторингілеу; педагогтарға әдістемелік және ақпараттық қолдау көрсету. Бұл орайда soft-skills дамыту процесі мамандандырылған оқу ақпаратымен және цифрлық технологияларды қолданумен қатар жүреді.

Үшінші міндетті шешуде жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі әзірленді, ол өзара байланысты мақсаттық, мазмұндық, ұйымдастырушылық және нәтижелік компоненттерден тұратын кешенді педагогикалық жүйені білдіреді. Ол оқу бағдарламалары мен өзін-өзі дамыту стратегияларын қамтиды. Модельдің мазмұндық компонентіне әзірленген Soft-skills guide.kz ақпараттық сайтының материалдары, «Soft skills шеберханасы» тренингтік бағдарламасы, сондай-ақ мектеп психологтарына, пән мұғалімдеріне, ата-аналарға арналған жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуға арналған бағдарламалар енгізілді. Ұйымдастырушылық-іс-әрекеттік компонент жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуда орталық орын алады, өйткені дәл ол бүкіл модельдің практикалық іске асырылуын қамтамасыз етеді. Модель екі кезеңде жүзеге асырылады: дайындық (теориялық, практикалық және психологиялық); іске асыру (кіріспе; теориялық-танымдық; практикалық-қалыптастырушы). Нәтижелер зерттелетін әрбір бағыт бойынша жоғары сынып оқушыларының жетістіктерін бақылауға және талдауға арналған бағалаудың әртүрлі нысандарымен, әдістерімен және құралдарымен айқындалады.

Төртінші міндетті шешу барысында жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларының бастапқы даму деңгейін диагностикалау және тәжірибелік-эксперименттік жұмысты ұйымдастыру аталған жас кезеңіндегі оқушыларда икемді дағдылардың дамуының жеткіліксіз деңгейін көрсетті. Аталған икемді дағдылар стихиялы түрде дамымайтындықтан, заманауи тиімді психологиялық-педагогикалық шарттарға негізделген икемді дағдыларды дамытудың теориялық құрылымдық-мазмұндық моделі түрінде мектепте оқу процесінде жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын мақсатты дамытудың қажеттілігі айқындалды. Нәтижесінде А тобының жоғары сынып оқушылары барлық көрсеткіштер (коммуникация; сыни ойлау; мақсат қою; эмоционалдық интеллект; тайм-менеджмент; мотивация) бойынша бастапқы деректері бақылау тобы ретінде әрекет ететін Б тобының ұқсас сипаттамаларына сәйкес келетіндіктен, икемді дағдыларды дамытуға арналған жоспарланған экспериментке қосылды.

Соңғы кезеңде, *бесінші міндетті* шешу барысында, эксперимент нәтижелерін талдау және жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуға арналған ғылыми негізделген әдістемелік ұсыныстарды әзірлеу ұсынылған модель негізінде әзірленген «Soft Skills шеберханасы» бағдарламасы мен әдістемелік қамтамасыз ету құралдарының жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын тиімді дамытуға мүмкіндік беретінін көрсетті. Жүргізілген тәжірибелік-эксперименттік жұмыстың нәтижелері жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытуда ұсынылған модель мен әдістеменің тиімділігін растайды. Өйткені эксперимент аяқталғаннан кейін салыстырмалы қорытынды диагностика нәтижелері А тобында іске асырылған бағдарламаның барлық икемді дағдыларды дамытуда тиімділігін көрсетті. Статистикалық талдау А және Б топтары арасындағы жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамытудың барлық алты бағыты бойынша айырмашылықтардың статистикалық тұрғыдан маңызды екенін растады, өйткені айырмашылық пен эффект көрсеткіштерінің мөлшері орташадан (коммуникативтік дағдылар, сыни ойлау, мақсат қою) өте күштіге дейін (эмоционалдық интеллект, тайм-менеджмент және мотивация) ауытқиды, бұл А тобы мен Б тобында алынған айырмашылықтардың жоғары практикалық маңыздылығын куәландырады.

Ғылымның даму бағыттарына немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:

Диссертациялық жұмыстың негізгі идеясы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес. Диссертациялық жұмыста келесі мемлекеттік нормативті құжаттарға сілтемелер жасалды:

Білім туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2007 жылдың 27 шілдесі, №319-III ҚРЗ қабылданған (2011 жылы 24 қазанында бұйрыққа толықтырулар мен өзгертулер енгізілген №487-IV ҚРЗ).
<https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z070000319>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200029031>

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2200028916>

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі № 92 бұйрығы. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы. <https://adilet.zan.kz/rus/docs/V2500036047>

Ғылым және технологиялық саясат туралы Қазақстан Республикасының Заңы 2024 жылғы 1 шілдедегі № 103-VIII ҚРЗ қабылданған. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/Z2400000103>

Докторанттың әр жарияланымды дайындауға қосқан үлесінің сипаттамасы:

Зерттеу нәтижелері мен қорытындылары Web of Science деректер базасында 1 мақала, Scopus деректер базасында 2 мақала, Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда 11 мақала және халықаралық конференцияларда 4 мақала түрінде көрініс тапты:

Web of Science:

1. Impact of utilizing the project method in the school educational environment on the development of soft skills in high school students // European Journal of Contemporary Education. 2024. 13(1): 162-171. https://ejce.cherkasgu.press/journals_n/1711731426.pdf (Авторлық бірлестікте В.Матаев, А.Матаева, N.Fominykh)

Scopus:

1. The Views of Kazakh Teacher Candidates on Children's Rights // Participatory Educational Research (PER) Vol.11(1), pp. 105-120, January 2024 Available online at <http://www.perjournal.com> ISSN: 2148-6123 <http://dx.doi.org/10.17275/per.24.7.11.1> (Авторлық бірлестікте Ömer Faruk Sönmez, Hüseyin Mertol, Nurmagambetova Botagoz Amangeldinovna, Murzatayeva Altynai Kanatova, Najmeddinov Ahmad Rahmatovich)

2. Fostering emotional intelligence and self-regulation in gifted high school students: experimental evidence from a soft skills development program// Frontiers in Education, Psychology in Education. Volume 10 - 2025 | <https://doi.org/10.3389/feduc.2025.1733922> (Авторлық бірлестікте Berik Mataev, Assemgul Kalimova, Meruyert Utegenova Lira Ibraimova)

ҚР комитеті ұсынған журналдарда:

1. Болашақ мұғалімдердің soft skills дамытудың теориялық мәселелері Торайғыров университетінің хабаршысы. Сериясы: Педагогикалық. – 2022. – № 3. – 211–219-б. – ISSN 2710-2661. – DOI: <https://doi.org/10.48081/aoLv1530> (Авторлық бірлестікте Тулкина Р. Ж., Аплашова А. Ж.)

2. Психолого-педагогические условия развития гибких навыков (soft skills) старшеклассников // Вестник КазНПУ им. Абая. Серия: Педагогические науки. – 2022. – № 3 (75). – С. 197–205. – DOI: <https://doi.org/10.51889/5765.2022.45.98.017> (Авторлық бірлестікте Аплашова А.Ж., Кудышева А.А.)

3. Development of soft skills of high school students as an opportunity to implement the requirements of modern education // Bulletin of Karaganda University. Pedagogy Series. – 2023. – No. 1 (109). – Pp. 108–116. – DOI:

<https://doi.org/10.31489/2023ped1/108-116>. (Авторлық бірлестікте А.А. Kudysheva, Z.K. Kulsharipova, L.S. Syrymbetova, A.G Shaimerdenova)

4. Networking as one of the ways to develop soft skills of students// Scientific and Analytical Journal Higher School of Kazakhstan. – 2024. – No. 1 (45). – Pp. 32–42. – DOI: 10.59787/2413-5488-2024-45-1-32-42. (Авторлық бірлестікте Kudysheva A., Fominykh N.)

5. Developing soft skills through career counseling for graduate students // Scientific and Analytical Journal Higher School of Kazakhstan. – 2024. – No. 2 (46). – Pp. 68–76. – DOI: 10.59787/2413-5488-2024-46-2-68-76 (Авторлық бірлестікте Askar Azhenov, Tomas Cech)

6. Critical thinking as a factor in the development of soft skills // Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series: Psychological Sciences. – 2024. – No. 2 (83). – Pp. 94–104. – DOI: 10.51889/2959-5967.2024.79.2.009 (Авторлық бірлестікте А.Р. Yermentayeva, Zh. Duisseyeva, A.A. Saduakassova)

7. Synectics as one way of developing soft skills of high school students // Bulletin of Abai Kazakh National Pedagogical University. Series: Psychology. – 2024. – No. 3 (80). – Pp. 109–118 (Авторлық бірлестікте Fominykh N., B.A. Matayev, Kudysheva A.)

8. Emotional intelligence as a way to develop soft skills of high school students // «Gumilyov journal of pedagogy. – 2025. – №2(151). – P. 113-130.

<https://doi.org/10.32523/3080-1710-2025-151-2-113-130> (Авторлық бірлестікте Fominykh N., Kudysheva A., Zhigitbekova B.6 Matayev B.A.)

9. Soft skills and artificial intelligence: how technology is changing the requirements for high school students // Toraighyrov University Bulletin. Pedagogical Series. – 2024. – No. 4. – Pp. 256–269. – ISSN 2710-2661 (Авторлық бірлестікте Fominykh N. Y., Kaziyev K. O, Azamat T., Matayev B. A.)

10. Рефлексия как инструмент самосовершенствования в развитии гибких навыков старшеклассников // *Вестник Атырауского университета имени Халела Досмухамедова*. – 2024. – Т. 75, № 4. – С. 167–180. – <https://doi.org/10.47649/vau.24.v75.i4.15> (Авторлық бірлестікте Казиев К.О., Махметова Н.К., Матаев Б.А)

11. Геймификация как один из способов развития soft skills у старшеклассников // *Вестник НАН РК*. – 2025. – Т. 414, № 2. – С. 225–239. – <https://doi.org/10.32014/2025.2518-1467.923> (Авторлық бірлестікте Ауарбергенова, G., Abildina, S.)

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференцияларда баяндалып, талқыланды:

1. Problems of studying emotional intelligence and soft skills development strategy // *Наука, общество, личность: проблемы и перспективы взаимодействия в современном мире : сборник статей Международной*

научно-практической конференции (18 октября 2021 г.). – Петрозаводск : МЦНП «Новая наука», 2021

2. Эффективный менеджмент – показатель эмоционального интеллекта //ЛУЧШАЯ НАУЧНО-ИННОВАЦИОННАЯ РАБОТА 2021: сборник статей II Международного научно-исследовательского конкурса (14 сентября 2021 г.). – Петрозаводск : МЦНП «Новая наука», 2021. – 229 с.: ил. — Коллектив авторов (Авторлық бірлестікте Омарова Д.А., Алдажарова А.М)

3. High class students soft skills development technologies// Scientific Information and Analytical Journal of Pavlodar Pedagogical University "Pedagogical Bulletin of Kazakhstan". – Pavlodar, 2023. – No. 4. – Pp. 33–47. – DOI 10.52301/1991-0614-2023-4-33-46 (Авторлық бірлестікте O.F. Sonmez, A.A. Kudysheva)

4. Pedagogical technologies for the formation of soft skills in the educational process // Scientific Information and Analytical Journal of Pavlodar Pedagogical University "Pedagogical Bulletin of Kazakhstan". – Pavlodar, 2024. – Vol. 3, No. 76. – Pp. 63–77 (Авторлық бірлестікте A.D. Zhigitbekova¹, B.D. Zhigitbekova¹)

Өнертабыстарға авторлық куәліктер алынды:

1. «Soft skills шеберханасы» тренингтік бағдарлама // Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік 2025 жылғы 23 желтоқсан №65669

2. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту бойынша мектеп психологтарына арналған әдістемелік нұсқаулық // Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік 2026 жылғы 19 қаңтар №66469

3. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту бойынша пән мұғалімдеріне арналған әдістемелік нұсқаулық // Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік 2026 жылғы 20 қаңтар №66504

4. Жоғары сынып оқушыларының икемді дағдыларын дамыту бойынша ата-аналарға арналған әдістемелік нұсқаулық // Авторлық құқықпен қорғалатын объектілерге құқықтардың мемлекеттік тізілімге мәліметтерді енгізу туралы Куәлік 2026 жылғы 23 қаңтар №66636